Қалыпты (3-іске қосу)	Екі сорғы да бір топта жұмыс істейді, басқа топтағы сорғы іске қосылады. 46-сур. 3-алаңын қар.
Қалыпты (4-іске қосу)	1 және 2-топтардағы екі сорғы да жұмыс істейді.



46-сур. Кезектесу мысалы

Авариялық деңгейге жеткен уақытта авариялық SMS-хабарлама жөнелтілімі туралы шешім қабылдай алады.


### 9.2.8 Қолданушымен анықталатын функциялар

Атаулы терезеде қолданушы сегіз әр түрлі функцияларды анықтайды.

«Қолд. анықт. функциялар» сандық шығулардың (DO) қалғандарының біріне әсер беретін қарапайым функцияларды қолданушыға анықтауға мүмкіндік береді.

Қолданушылық функцияларды мысалы «Едендегі су» деп өзгертуге болады.

Қолданушылық функция «1-қайнар» және «2-қайнар» екі қайнарында негізделеді. 47-сур. қар.




47-сур. Қолданушымен анықталатын функциялар

Қайнарымен басқару үшін келесілерді таңдауға болады:

- Ұқсас кіру
- Сандық кіру
- CU 362 ішкі күйі
- Құрамдалған авария
- Қолданушымен анықталатын функция
- Таймер функциясы
- Тұрақты көлемі.

Қоректі CU 362 басқару құрылғысы мен IO 351В және IO 113 модульдерінде барлық ұқсас және сандық кірулерден таңдауға болады.

Көріп тұрғанымыздай, 48-сур. «таймер функциясы» және «Тұрақты ауқымының» өздері кіру сигналдары болып табылады. Бұл сигнал инвертациялануы немесе «Кешіктірудің м.т. уақыты» және «Кешіктірудің м.ж. уақыты» функциясының көмегімен ұсталуы мүмкін емес. Егер кіру сигналы ретінде ұқсас кіру таңдалып алынған болса, «1» қысқын статусына арналған шектік мәні анықталуы керек.




48-сур. Қайнардың құрылымдық кіру схемасы

Атаулы терезеде қолданушылық функциялары таңдалып алынады, осыдан кейін қолданушымен олардың баптаулары орындалады.

Әрбір қорегі үшін кіру сигналын таңдап алу керек.

**Жолы:** Баптаулар > Кеңейтілген ф-ялар >

Қолд. анықт. функциялар >



Окно\_4.2.9

49-сур. Қолданушымен анықталатын функциялар

**Қолданушымен анықталатын функция**

Атаулы терезеде қолданушылық функцияларының баптаулары орындалады.

«Қол. анықт. функциялар» белсендірілуі немесе ажыратылуы керек.

Қолданушылық функциясы белсенді болар алдында 1-қайнары мен 1-қайнарының кіру сигналын, сонымен қатар қисынды операторын таңдау керек.

Қолданушылық функциясының шығу сигналы сонымен қатар инвертациялана алады, «Кешіктірудің м.т. уақыты» және «Кешіктірудің м.ж. уақытын» орнатуға болады. Кешіктіру уақыты қолданушымен орнатылатын секундтардағы («1» статус - жоғ./ «0» - төмен) белгілі бір уақытқа шығу сигналының берілісінің кешіктірілуі үшін қолданылады.

**Нұсқау**

**Басқа қолданушылық функциясы үшін, кіру сигналы ретінде қолданушылық функциясын қолдануға болады.**

**Мысал**

«2-қолданушы функциясы» белсендірілген.

«1-қорегі» «Барлық сорғылар жұмысына» бапталған.

«2-қорегі» «Таймер функциясына» бапталған.

Негізгі көзін баптау тарауын қар.

Қисынды оператор «AND» («И») ретінде орнатылған, бұл «1-қорегі» және «2-қорегі» шығу сигналы өзінің статусын «1» қисындыға өзгертер алдында бір уақытта «1» қисынды статусына ие болуы керек.

Шығу сигналы Сандық шығу сигналын (DO) белсендіреді.

Қисынды операция тарауы және 11. Қисындық операторлар тарауын қар.

Шығу сигналы инвертацияланбайды.

«Кешіктірудің м.т. уақыты 0 секунд орнатылған (белсендірілмеген). «Кешіктірудің м.ж. уақыты» сонымен қатар белсендірілмеген.

Функция атауы «Менің функцияма» орнатылды.

Бірден «Сандық кірулер» мәзіріне өтуге және «менің функцияма» қолданушылық функциясымен басқарылатын сандық кіруді таңдауға болады.

9.4.4 Сандық кірулер тараулар.

**Жолы:** Баптаулар > Кеңейтілген ф-ялар > Қолд. анықт. функциялар > 2-қол. функциясы >

**Негізгі көзін баптау**

Атаулы терезеде кіру сигналдарын таңдау жолымен негізгі көзін таңдау орындалады.

Жүйеде функцияны қолданар алдында «1-негізгі көзі» және «2-негізгі көзін» баптау қажет. Кіру сигналы инвертациялана алады және пікір айту уақытымен байланысты болуы керек. «Пікір айту уақыты» - кіру сигналы қолданушымен орнатылған секундтардағы белгілі бір уақы ішінде «1» қисынды статусы бар екендігін растайтын уақыт бойынша кешіктіру.


**Мысал**

Атаулы терезеде «2-қолд. функциясы» 1-негізгі көзін баптау орындалады.

1-негізгі көзі «CU 362 ішкі күіне» бапталған.


ішкі параметрлер «Барлық сорғылар жұмысына» бапталған.

**Жолы:** Баптаулар > Кеңейтілген ф-ялар > Қолд. анықт. функциялар > 2-қол. функциясы > 1-көзін баптау >



Окно\_4.2.9.2.1

51-сур. 1-көзін баптау



Окно\_4.2.9.2

50-сур. 2-қол. функциясы

### Қисынды операция

Атаулы терезеде қолданышымен анықталатын функцияға арналған қисынды операторын таңдауға болады.

«1-негізгі көзі» және «2-негізгі көзі» (виртуалды сандық кіру сигналдары) үнемі қисынды операторымен байланысқан.

Нұсқау

**«Таймер функциясы» және «Тұрақты көлемін» қисынды операторға арналған кіру сигналдары ретінде қолданыға болайды.**

Қисынды операторын таңдау қажетті функцияға байланысты болады.

Қисынды операторлар:


- AND
- OR
- XOR
- Триггерді беру/түсіру (SR-FF)
- Триггерді түсіру/беру (RS-FF)
- Триггерді ауыстырып қосу (T-FF).

11. Қисынды операторлар тарауын қар.

### Мысал

Таңдалып алынған қисынды операторы «AND» функциясы болып табылады. «AND» («И») функциясы екі датчик те шығу сигналы өзінің статусын «1-ге» өзгертер алдында «1» қисынды статусына ие болуы қажет болғанда қолданылады.

**Жолы:** Баптаулар > Кеңейтілген ф-ялар > Қолд. анықт. функциялар > 2-қол. функциясы > Қисынды операция >




Окно\_4.2.9.2.3

52-сур. Қисынды операция

**1-мысал**

Қолданушылық функциясын асып төгілу сұйыққоймасында тұрған сыртқы сорғыны басқару үшін, қолдануға болады.



**53-сур.** Екі сұйыққоймасы бар басқару мысалы

**Конфигурация**

Қисынды операция	AND элемент
1-негізгі көзі	<ul style="list-style-type: none"> <li>AI1 (CU 362), Деңгей, қысым.</li> <li>Су деңгейі 2,5 м жоғары («1»)</li> <li>Кіру сигналы, Инвертациялау. Бұл кіру сигналының 2,5 м-ден төмен екендігін білдіреді («1» қисынд. сәйкес).</li> </ul>
2-негізгі көзі	<ul style="list-style-type: none"> <li>Dlx (асып төгілу сұйыққоймасындағы қалқымалы ажыратқыш).</li> </ul>

«AND» операторы таңдалды. Бұл шығу сигналы өзінің статусын «1-ге» өзгертер алдында екі кіру сигналдары да «1-де» болуы керектігін білдіреді.

Асып төгілу сұйыққоймасынан асып төгілуінен және толтырылуынан кейін, ағынға арналған сұйыққоймаға айдалуы керек.

Асып төгілу сұйыққоймасында асып төгілу белгіленбейінше, сорғының іске қосылуына тиым салынған.

Ағынға арналған сұйыққоймадағы су деңгейі 1-негізгі көзі өзінің статусын «1-ге» өзгертер алдында 2,5 м болуы керек. 2-негізгі көзі асып төгілу сұйыққоймасында қалқымалы ажыратқыштың арқасында «1» статусы бар. 1-негізгі көзінің инвертацияланғанның назарға алыңыз.

Асып төгілу сұйыққоймасындағы сорғы іске қосылды және су қайтадан ағынға арналған сұйыққоймаға айдалды. Асып төгілу сұйыққоймасындағы сорғы асып төгілу сұйыққоймасындағы қалқымалы ажыратқышымен, немесе ағынға арналған сұйыққоймадағы тым жоғары су деңгейімен тоқтатылған.



**2-мысал**

Қолданушылық функцияларын сонымен қатар Grundfos PC Tool WW Controls бағдарламалық қамтамасыз ету көмегімен баптауға болады.

**Конфигурация**


Қолданушылық функциясын баптау тәртібі:

1. «Баптауларды өзгерту және көрсетуді» таңдаңыз,
2. «Қолданушымен анықталатын функцияларын» таңдаңыз.
3. Өзгерту енгізуге арналған қолданушылық функциясын таңдаңыз.
4. Екі негізгі көзін баптаңыз және функцияларға атау беріңіз.

Нұсқау

**Қолданушымен анықталатын функцияны қолдану үшін, оны белсендіріп алу керек.**

54-сур. қар.



54-сур. Су сұқойманың түбінде

TM04 7306 1810

### 9.2.9 Жиілік түрлендіргіші (VFD)

Атаулы терезеден әрі ЖТ жеп аталатын жиілік түрлендіргішінің баптаулары орындалады. ЖТ «Орнатылған модульдер» мәзірінің астында ЖТ баптауларын орындар алдында әр сорғы үшін, таңдау керек.

Басқару режимін таңдаған жөн. Төменде көрсетілген басқару режимі сәйкес тарауларында сипатталады:

- Бекітілген жиілік
- Сызықтық басқарылым
- М.т. басқару
- ПИД-басқару.

Барлық басқару режимдерін жууды баптауды қолдайды. Жуу баптауларын қолмен таңдау және белсендіру керек.


- Кері айналым
- Іске қосудағы жуу
- Жуу, жұмыс
- Жуу, тоқтау.

Жууды баптау туралы анығырақ *Жууды баптау* тарауынан оқыңыз.

Бапталатын ЖТ таңдау керек. Атаулы терезеде ЖТ көмегімен басқарылатын сорғылар ғана көрінеді.

«Орнатылған модульдер» мәзірестіңізге қолжетімділік тек атаулы терезе арқылы ғана мүмкін болады.

**Жолы:** Баптаулар > Кеңейтілген ф-ялар > Жиілікті-реттегіш жетек >



Окно\_4.2.10

55-сур. Жиілікті-реттегіш жетек

### Белгіленген жиілік

50 Гц төмен болатын тұрақты жиілік талап етілгенде, «Белгіленген жиілік» қолданылады. «Белгіленген жиілік» жолында қажетті жиілігін көрсеткен жөн.

Параметрлерді өзгерту үшін мыналарды қолданыңыз:

- PC Tool WW Controls бағдарламасын
- SCADA жүйесін
- CU 362 операторлық дисплейін.

Егер жуу баптауларын орындау қажет болса, *Жууды баптау* тарауын қар.

Егер «М.ж. жылдамдық басқ. жұмыс істейді» функциясы белсендірілген болса, басқа сорғы жұмыс істей бастағанда, сорғы «М.ж. жиілікке» шығатын болады.

ЖТ интерфейсі:

ЖТ басқару тәсілін таңдаңыз:


- CUE (GENIbus).  
Төлқұжат, Dedicated Controls құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықты қараңыз.
- Ұқсас шығу (0-10 В).  
9.4.3. Ұқсас шығу тарауын қар.

«М.т. жиілік» қалып бойынша 30 Гц-ке орнатылған.

«М.ж. жиілік» қалып бойынша 50 Гц-ке орнатылған.

Атаулы параметрлер белгіленген жиілігі бар режимге арналған шекті мәндері болап табылады. Бұл жиіліктің 50 Гц жоғары немесе 30 Гц төмен орнатыла алмайтындығын білдіреді.

**Жолы:** Баптаулар > Кеңейтілген ф-ялар > Жиілікті-реттегіш жетек > ЖТ баптаулары, 1-сорғы >



Окно\_4.2.10.1

56-сур. ЖТ баптаулары, 1-сорғы

## Сызықтық басқарылым


Егер сорғының айналым жиілігі сұйыққоймадағы сұйықтықтың ағынына сәйкес реттелуі қажет болатын болса, «сызықтық басқарылым» қолданылады. Егер ағын сорғыға «Экономикалық жиілік» барысында жұмыс істейтін және оны ағын өлшеу шамасы бойынша реттейтін болады.

Экономикалық параметрлерін таңдаңыз:

- Үнемдік деңгей
- Мейлінше жоғары үнемдік деңгей
- Үнемдік жиілік.

«Үнемдік деңгей» деңгейінде сорғы «Үнемді жиілік» барысында жұмыс істейді және ағынның көтерілуі барысында жиілігі артатын болады.

«М.ж. үнемді деңгей» деңгейінде сорғы мейлінше жоғары жиілігімен жұмыс істейді. Егер деңгей «М.ж. үнемді деңгейден» төмен болатын болса, сорғы «Үнемдік деңгейге» жетпейінше қуатын төмендететін болады. 57-сур. қар.



TM04 3327 4308

57-сур. Сұйыққоймадағы деңгейлер

Айқ.	Атауы
1	Жоғары деңгей
2	2-іске қосу деңгейі
3	М.ж. үнемдік деңгейі
4	Үнемдік деңгей
5	1-іске қосу деңгейі
6	Тоқтату деңгейі
7	Құрғақ айналым деңгейі

Сорғы жұмысы:

- 1-2: Сорғы таңдалып алынған басқару режимінде жұмыс істейді.
- 2-3: Сорғы мейлінше жоғары айналым жиілігінде жұмыс істейді.
- 3-4: Сорғы желілік басқарылымымен жұмыс істейді.
- 4-5: Сорғы желілік басқарылымымен жұмыс істейді.
- 5-6: Сорғы «Экономикалық жиілік» барысында жұмыс істейді (тоқтатар алдындағы аралық мәндерінің диапазоны).
- 6-7: Сорғы тоқтатылған.

Параметрлерді өзгерту үшін мыналарды қолданыңыз:

- PC Tool WW Controls бағдарламасын
- SCADA жүйесін
- CU 362 операторлық дисплейін.

Егер жуу баптауларын орындау қажет болса, 48-беттегі *Жууды баптау* тарауын қар.

ЖТ интерфейсі:

ЖТ басқару тәсілін таңдаңыз:


- CUE (GENIbus).  
Төлқұжат, Dedicated Controls құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықты қараңыз.
- Ұқсас шығу (0-10 В).  
9.4.3. *Ұқсас шығу* тарауын қар.

«М.т. жиілік» қалып бойынша 30 Гц-ке орнатылған.

«М.ж. жиілік» қалып бойынша 50 Гц-ке орнатылған.

Атаулы параметрлер белгіленген жиілігі бар режимге арналған шекті мәндері болап табылады. Бұл жиіліктің 50 Гц жоғары немесе 30 Гц төмен орнатыла алмайтындығын білдіреді.

**Жолы:** Баптаулар > Кеңейтілген ф-ялар > Жиілікті-реттегіш жетек > ЖТ баптаулары, 1-сорғы >



58-сур. ЖТ баптаулары, 1-сорғы

Окно\_4.2.10.1


**Минималды басқару**

«Минималды басқару» - әдетте «Желілік басқару» тәрізді, алайда бұл басқару режимінде сорнымен қатар «М.т. үнемділік жиілігін» орнату қажет. Егер су деңгейі «Үнемділік деңгейінен» төмен болатын болса, сорғы «М.т. үнемділік жиілігінде» жұмыс істейтін болады.

Бұл басқару режимі қолданушы сорғының төмен айналым жиілігінде жұмыс істеуін қалағанда қолданылады. Сорғының төмен айналымындағы жұмысы барысында құбыр жетегінде тұнба түзілу қаупі іске қосу/тоқтау режиміне қарағанда төмен.

Нұсқау

**Қолданылымның кейбір салаларында бұл басқару режимі сорғының жұмысы барысында энергияны пайдалану төмен болғандықтан, аса оңтайлы шешім болып табылады.**



TM04 3327 4308

59-сур. Сұйыққоймадағы су деңгейі

Айқ.	Атауы
1	Жоғары деңгей
2	2-іске қосу деңгейі
3	М.ж. үнемдік деңгей
4	1-іске қосу деңгейі
5	Үнемдік деңгей
6	Тоқтату деңгейі
7	Құрғақ айналым деңгейі

Сорғы жұмысы:

- 1-2: Сорғы таңдалып алынған басқару режимінде жұмыс істейді.
- 2-3: Сорғы мейлінше жоғары айналым жиілігінде жұмыс істейді.
- 3-4: Сорғы «М.т.басқару» режимінде жұмыс істейді.
- 4-5: Сорғы «М.т.басқару» режимінде жұмыс істейді.
- 5-6: Сорғы «Үнемдік жиілік» барысында жұмыс істейді (тоқтатар алдындағы аралық мәндерінің диапазоны)
- 6-7: Сорғы тоқтатылған.

Егер құйылыс сорғыға «Үнемділік жиілігімен» жұмыс істеуге мүмкіндік беретін болса, сорғы осы жиілікпен жұмыс істейді және құйылыс өзгеруі бойынша түзетеді.

Үнемдік параметрлері:

- Үнемдік деңгей
- М.ж. үнемдік деңгейі
- Үнемдік жиілік
- М.т. үнемдік жиілік.

**Үнемдік деңгей → үнемдік жиілік**

«Үнемдік деңгей» деңгейінде сорғы «Үнемдік жиілікпен» жұмыс істейтін болады және құйылыс көтерілуі барысында жиілік артатын болады.

**М.ж. үнемдік деңгей**

«М.ж. үнемдік деңгей» деңгейінде сорғы мейлінше жоғары жиілікпен жұмыс істейтін болады. Егер деңгей «М.ж. үнемдік деңгейден» төмен болатын болса, сорғы «Үнемдік деңгейге» жеткенше, айналым жиілігін төмендетеді.

**М.т. үнемдік деңгей**

«М.ж. үнемдік деңгей» барысында сорғы өзінің жиілігін берілген мәнге дейін төмендететін болады және төмен айналым жиілігінде жұмысын жалғастырады.

Параметрлерді өзгерту барысында мыналарды қолданыңыз:

- PC Tool WW Controls бағдарламасын
- SCADA жүйесін
- CU 362 операторлық дисплейін.

Егер қажет болса, жуу баптауларын орындауға болады, **Жуу баптаулары** тарауын қар.

ЖТ интерфейсі:

ЖТ басқару тәсілін таңдаңыз:


- CUE (GENIbus)  
DEDicated Controls Төлқуаты, Құравстыру және пайдалану бойынша нұсқаулығын қар.
- Ұқсас шығу (0-10 В).  
9.4.3 Ұқсас шығулар тарауын қар.

«М.т. жиілік» қалып бойынша 30 Гц-ке орнатылған.

«М.ж. жиілік» қалып бойынша 50 Гц-ке орнатылған.

Атаулы параметрлер белгіленген жиілігі бар режим үшін шекті мәндері болып табылады. Бұл жиіліктің 50 Гц-тен жоғары немесе 30 Гц-тен төмен орнатыла алмайтындығын білдіреді.

**Жолы:** Баптаулар > Кеңейтілген ф-ялар > Жиілікті-реттегіш жетек > ЖТ баптаулары, 1-сорғы >



60-сур. ЖТ баптаулары, 1-сорғы

Окно\_4.2.10.1

## Электр тұтынуды автотиімдендіру (пайдалану)

Нұсқау

**Атаулы функцияны жүйеде ваттметр мен шығын өлшегіш орнатылған болса ғана қолдануға болады. Шығын өлшегіш орнына шығынды есептегішті қолдануға болады.**

«Электр тұтынуды автотиімдендіру» пайдалану барысында «Үнемділік жиілігін» тиімдендіру үшін қолданылады.

Энергияны шекті тұтыну  $Q$  [кВтсағ/м<sup>3</sup>] әрбір сорғы циклі үшін өлшенеді (Start → Stop). Сорғыны бастапқы іске қосқан уақытта қалып бойынша орнатылған  $f_{ECO}$ , «Үнемділік жиілігі» қолданылады. Келесі іске қосылу барысында  $f_{ECO} + 1$  Гц орнатылған мән ретінде қолданылады.


- Егер  $Q f_{ECO} + 1$  Гц төмен болғанда, жиілік 1 Гц-қа артады.
- Егер  $Q f_{ECO} + 1$  Гц жоғары болғанда, жиілік 1 Гц-қа төмендейді.

Бұл процесс ең төмен шекті энергия тұтынылымы белгіленгенге дейін жалғасатын болады.

$f_{ECO}$  тиімдендіру барысында бұл жиіліктің мәндері келесі 24 сағат ішінде қолданылатын болады. Тиімдендірілген жиілігі бар сорғы жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған «Электр тұтынуды автотиімдендіру» операциясы 24 сағаттан кейін қайта іске қосылады.

Егер «Іске қосу барысында жуу» функциясы қосылса, ол «Электр тұтынуды автотиімдендіру» функциясына дейін жүзеге асырылады.

Өлшеудің үлкен тиімділігі үшін оның алдында 5 секундтық кешіктірілу болуы керек. Кешіктірілу таймері «Үнемділік деңгейге» жеткенде қосылады. 61-сур қар.



TM04 6709 0810

61-сур. Өлшеу кешіктірілуі

Егер «Үнемділік деңгейі» «Іске қосу» мәнінен жоғары болатын болса, өлшеу «Іске қосуға» қол жеткеннен кейін 5 секундтан кейін басталады.



TM04 6709 0810

62-сур. Өлшеуді кешіктіру (Іске қосу деңгейі > Үнемділік деңгейі)

Нұсқау

**Егер сұйыққоймаға құйылыс сұйыққоймадан шығатун ағыннан артық болса, сорғы мен өлшеу тоқтатылады.**

Егер сорғ 10 минут артық жұмыс істесе, ол тоқтатылатын болады. Осы кезеңдерде өлшенген шекті энергия тұтыну мәні қолданылатын болады. Егер өлшеу уақытында тағы бір сорғы іске қосылатын болса, өлшеу тоқтатылады және өлшенген шекті энергия тұтынылдымы қолданылмайды.

## Энергияның шекті тұтынылымына сынақ (орнатылым)

Нұсқау

**Атаулы функцияны жүйеде ваттметр мен шығын өлшегіш орнатылған болса ғана қолдануға болады. Шығын өлшегіш орнына шығынды есептегішті қолдануға болады.**

Шекті энергия тұтынылымына сфынақты сұйыққойманың сапасын тексеру үшін және  $f_{min}$  анықтау үшін орнатылым уақытында (пайдалануға енгізу) қолдануға болады. Атаулы функцияны келесі басқару режимдерінің бірі таңдалып алынатын болса, белесндіруге болады.

- Желілік басқарылым
- Минималды басқарылым.

Функцияны белсендіру керек. кейбір параметрлерді сынақ басталғанға дейін енгізу керек:

- Өлшеуді тұрақтандыру уақыты
- Іске қосу деңг. м.ж. қозғ.

### Өлшеуді тұрақтандыру уақыты


«Өлшеуді тұрақтандыру уақыты» (x) - секундтардағы кешіктірілу, сонымен қатар «Үнемділік деңгейіне» жеткеннен кейін, өлшем басына дейін өтуі керек болатын уақыт.

### Іске қосу деңг. м.ж. қозғ.

Шекті энергия тұтынылымы толық сұйыққоймадан ағызу барысында өзгеруі мүмкін болатындықтан, егер толық сұйыққоймамен салыстыратын болса, «Іске қосу деңг. м.ж. қозғ.» энергия тұтынылымын тексеру толық та емес, бос та емес сұйыққоймада орындалмауына баптауға болады.

«Іске қосу деңг. м.ж. қозғ.» - іске қосу деңгейінен төмен деңгейден энергия тұтынылымына сынақ белсендірілген деңгейге дейінгі ара қашықтық. Егер сынақ барысында су деңгейі осы деңгейден төмен түсетін болса, іске қосу деңгейіне жеткенге дейін сынақ жалғаспайды. «Іске қосу деңг. м.ж. қозғ.» нақтылықты көрсететін энергия тұтынылымына жасалатын сынақты қамтамасыз етеді.

Шекті энергия тұтынылымына сынақты нақты қолданылым үшін «Үнемділік жиілігі» және «М.т. жиілік» алу үшін орнату уақытында (пайдалануға енгізу) жүргізген пайдалы. Егер нәтиженің аса сенімділігі үшін атаулы функция белсендірілген болса, бір сорғы жұмыс істейді. Сынақ іске қосылғаннан кейін, 50 Гц бағдар ретінде қолданылады, сорғы желілік түрде 2 Гц-ті 2 x-ке «Өлш. тұр уақыты» сипаттамасына төмендейді. 63-сур. қар.




TM04 6710 0810

63-сур. Шекті энергия тұтынылымына сынақ

Орындалған өлшемдер негізінде «Шекті энергия тұтынылымы сызбасы» жолынан [ok] баса отырып, қарау керек болатын диаграмма құрылады. Сынақтың нақты жиілігі мен нақты шекті энергия тұтынылымы дисплейде көрінетін болады. *Шекті энергия тұтынылымы сызбасы* тарауын қар.

**Жолы:** Баптаулар > Кеңейтілген ф-ялар > Жілікті-реттегіш жетек > ЖТ баптаулары, 1-сорғы > Энергияны шекті тұтынуға сынау >



Окно\_4.2.10.1.3

64-сур. Шекті энергия тұтынылымына сынақ

**Энергияны шекті тұтыну сызбасы**

Нұсқау

*Атаулы функцияны жүйеде ваттметр мен шығын өлшегіш орнатылған болса ғана қолдануға болады. Шығын өлшегіш орнына шығынды есептегішті қолдануға болады.*


Шекті энергия тұтынылымы айдалған көлемге [м³] қолданылған энергия [кВт-сағ] ретінде анықталатын сорғы тиімділігінің шамасы болып табылады.

Атаулы терезеде «Шекті энергия тұтынылымына сынақ» көрінеді.

Сынақ аяқталғаннан кейін, экранда ең төмен шекті энергия тұтынылымын көрсететін жиілік көрінетін болады.

Бұл жиілік «Электр тұтынылымының авто тимід.» функциясы үшін бағдар болады немесе оны белгіленген жиілік ретінде орнатуға болады.

**Жолы:** Баптаулар > Кеңейтілген ф-ялар > Жілікті-реттегіш жетек > ЖТ баптаулары, 1-сорғы > Энергияны шекті тұтынуға сынау > Энергияны шекті тұтыну сызбасы >



Окно\_4.2.10.1.3

65-сур. Шекті энергия тұтынылымының сызбасы

**ПИД- басқару**

Параметрлерді өзгерту үшін мыналарды қолданыңыз:

- PC Tool WW Controls бағдарламасын
- SCADA жүйесін
- CU 362 операторлық дисплейін.

Егер қажет болса, жуу баптауларын орындауға болады, *Жуу баптаулары* тарауын қар.

ЖТ интерфейсі:

ЖТ басқару тәсілін таңдаңыз:


- CUE (GENIbus) DEdicated Controls Төлқұаты, Құравстыру және пайдалану бойынша нұсқаулығын қар.
- Ұқсас шығу (0-10 V). 9.4.3 *Ұқсас шығулар* тарауын қар.

«М.т. жиілік» қалып бойынша 30 Гц-ке орнатылған.

«М.ж. жиілік» қалып бойынша 50 Гц-ке орнатылған.

Атаулы параметрлер белгіленген жиілігі бар режим үшін шекті мәндері болып табылады. Бұл жиіліктің 50 Гц-тен жоғары немесе 30 Гц-тен төмен орнатыла алмайтындығын білдіреді.

**Жолы:** Баптаулар > Кеңейтілген ф-ялар > Жілікті-реттегіш жетек > ЖТ баптаулары, 1-сорғы >



Окно\_4.2.10.1

66-сур. ПИД-басқару


## ПИД баптаулары

Атаулы терезеде басқару мақсаттарының типтері таңдалады, Басқару нысанасын таңдаңыз.

- P
- PI
- PD
- PID.

Қолданушы ПИД-басқаруды біледі деп болжамдалады, кері жағдайда үшінші тараптан нұсқаулықты оёқыңыз. Бұл басқару тізбегі қысқаша нұсқаулықта анығырақ сипатталмайды.

**Жолы:** Баптаулар > Кеңейтілген ф-ялар > Жилікті-реттегіш жетек > ЖТ баптаулары, 1-сорғы > PID баптаулары, 1-сорғы >



Окно\_4.2.10.1.1

67-сур. PID баптаулары, 1-сорғы


## Жууды баптау

«Жууды баптау» сорғының ластануының алдын алуға және құбыр етегінде шөгінді қаупін азайту үшін қолданылады.

Жуу функциясын қосыңыз:

- Кері айналым
- Іске қосу барысындағы жуу
- Жуу, жұмыс
- Жуу, тоқтату.

68-сур. қар.



TM04 6711 0810

68-сур. Жуу

## Кері айналым

Назар аударыңыз

**Егер сорғы кері айналымға есептелген болса, атаулы функция қолданылады.**

«Кері айналым» (x) сұйыққоймада шөгіндіден сорғының лайлануының алдын алуға арналған.

Қолданушы функцияны белсендіруі және сорғы кері бағытта айналғанда секундтардағы уақытты орнатуы керек.

Сонымен қатар «Кері айналым алдында м.т. кешікт.» беру керек.

## Іске қосу барысындағы жуу

«Іске қосу барысындағы жууды» (y) сорғы бірнеше секундқа мейлінше жоғары айналым жиілігімен іске қосады (уақытты қолданушы береді). Кейін сорғы белгілі бір басқару режимінде берілген параметрлерге сәйкес мәнге дейін (z) жиілігін төмендетеді.


## Жуу, жұмыс

«Жуу, жұмыс» (rf) төмен айналым жиілігі бар сорғының жұмыс арысында құбыр жетегіне жеткізілетін шөгінді қаупінің минимумына қосады. Сорғы орнатылған уақыт кезеңіндегі номиналды жиілікке жетеді және қайтадан сипаттама дерегін төмендетеді. Қолданушы секундтардағы уақытты және «Жуу, жұмыс» кезеңінің арасындағы аралықты беру керек.

## Жуу, тоқтату

«Жуу, тоқтату» сорғының айналым жиілігінің арттырылуына және сорғының тоқтауына дейін құбыр жетегін жуылуына кепілдік береді. Қолданушы секундтардағы уақыты беру керек.

**Жолы:** Баптаулар > Кеңейтілген ф-ялар > Жилікті-реттегіш жетек > ЖТ баптаулары, 1-сорғы > Жууды баптау, 1-сорғы >



69-сур. Жууды баптау, 1-сорғы

Окно\_4.2.10.1.2



### 9.2.10 Іске қосу деңгейінің тербелісі

«Іске қосу деңгейінің тербелісі» сұйыққойманың ішкі қабырғаларында тұнбаның азаюы үшін қолданылады.

Атаулы терезеде «Іске қосу деңгейінің тербелісі» функциясының баптаулары орындалады. «Іске қосу деңгейінің тербелісі» ұқсас деңгей датчигі қолданғанда ғана мүмкін.

Функцияны белсендіруге/ағытуға және «1-іске қосу деңгейінен жоғары м.ж. тербелісін» көрсету керек.

#### Іске қосу деңгейінің тербелісі

«Іске қосу деңгейінің тербелісі» - бұл 1-сорғылар тобымен байланысты функция «1-іске қосу деңгейі» деңгейін өлшеу барысында келесі ережелерді сақтаған жөн:

- (1-іске қосу + М.ж. тербеліс) < 2-іске қосу деңгейі.

«Сұйыққоймадағы деңгей» < «1-тоқтату деңгейі» болғандағы әр уақытта 1-топтағы сорғыларға арналған жаңа деңгей есептеледі.



TM04 6712 0810

70-сур. Іске қосу деңгейінің тербелісі

**Егер жүйеде араластырғыш орнатылған болса, «Араластырғыштың іске қосу деңг.» сонымен қатар тұрақсыз болады. «Араластырғыштың іске қосу деңг.» «1-іске қосу» ауытқуына байланысты болады.**

Нұсқау

#### Мысал

«Іске қосу деңгейінің тербелісі» функциясы қосылған және 20 см-ге орнатылған.

**Жолы:** Баптаулар > Кеңейтілген ф-ялар > Іске қосу деңгейінің тербелісі >



Окно\_4.2.11

71-сур. Іске қосу деңгейінің тербелісі

### 9.2.11 Блоктауға қарсы

**«Кері айналым» ЖТ немесе МР 204 және басқару шкафындағы түйістіргілердің болуын талап етеді. Сандық шығу DOx сонымен қатар кері айналым түйістіргісімен басқаруға баптау қажет.**

Нұсқау

«Блоктауға қарсы» функциясы роторды блоктау жағдайында электр қозғалтқышының орауының қызып кетуінің алдын алу үшін қолданылады.

Атаулы терезеде «Блоктауға қарсы» функциясының баптаулары орындалады. Функцияны белсендіруге/сөндіруге болады. «Кері айналым уақыты» және «Іске қосу уақытындағы жуу уақытын», сонымен қатар авариялық және ескертпе сигналдары көрінуін туындататын параметрлерді берген жөн.


Қолданушы сонымен қатар «Жуудың м.ж. әрекеті, 24 сағ» көрсетуі керек.

#### Мысал

«Блоктауға қарсы» функциясы қосылған, «Кері айналым уақыты» 5 сек. орнатылған (қалып бойынша).

«Жуудың м.ж. әрекеті, 24 сағ» 3 орнатылды (қалып бойынша).

**Жолы:** Баптаулар > Кеңейтілген ф-ялар > Блоктауға қарсы >



Окно\_4.2.12

71-сур. Блоктауға қарсылық

Нұсқау

**Бұл функцияны егер орнатылған сорғылар 4 кВт артық болғанда ғана қолдануға болады.**



### Блоктауға қарсы жұмыс істеуі

Авариялық және ескертпе сигналдарының көрінуін туындататын параметрлерді таңдау керек.


Әр функцияны қолданар алдында әр параметрге арналған тіреу қисығын құрған жөн. Бұл үшін «Сорғының ағымдағы параметрлерін шығыс ретінде өлшеу және сақтау үшін [ок] басыңыз» жолындағы [ок] басыңыз.

Атаулы өлшемдер пайдаланудың қалыпты режимінде көрінеді. Осы параметрлерінің жол берілетін ауытқуларын енгізу керек. Соңында іске қосылу кешіктірілуі бапталады. Көрсетілген мәндер шегінің асуы жағдайында авариялық сигнал немесе «Блокталған» ескертпесі көрінеді және сорғы тоқтайды.

Авариялық сигнал немесе ескертпе келесі параметрлермен шақырылуы мүмкін:

- Ток
- Біліктегі сәт (CUE болуы барысында)
- Cos φ
- Төмен шығын  
(шығын өлшегіш немесе шығынды есептеу талап етіледі)
- Қызып кету.

**Жолы:** Баптаулар > Кеңейтілген ф-ялар > Блоктауға қарсы > Блоктауға қарсылықтың іске қосылуы >



Окно\_4.2.12

73-сур. Блоктауға қарсылығының іске қосылуы

### Сорғының сақталған параметрлері

Бұл терезеде ағымдағы сорғы параметрлерін өлшегендегі ағымдағы сорғы мәні көрінеді.

**Жолы:** Баптаулар > Кеңейтілген ф-ялар > Блоктауға қарсы > Сорғының сақталған параметрлері >

Состояние	Работа	Авария	Настройка
4.2.12.1.1 - Сохранённые параметры насоса			
Насос 1			
Ток	Мин.	8А	
	Макс.	8А	
Мощность	Мин.	3.2кВт	
	Макс.	3.5кВт	
Cos φ	Мин.	0.92	
	Макс.	0.92	
Сохранено в	2009-08-16 14:00		
Насос 2			
Ток	Мин.	8А	
	Макс.	9А	
Мощность	Мин.	3.3кВт	
	Макс.	3.5кВт	
Cos φ	Мин.	0.90	
	Макс.	0.91	
Сохранено в	2009-08-16 19:33		
BRUNDFOS 2012-08-23 16:5			

74-сур. Сорғының сақталған параметрлері

Окно\_4.2.12

### 9.2.12 Асып төгілуді анықтау

Атаулы терезеде асып төгілуді анықтау бапталамы орындалады. Функцияны белсендіру қажет. 9.1.4 Қалқымалы ажыратқыштар функциялары тарауын қар. Асып төгілуді анықтау үшін, сұйықтық деңгейін анықтауға арналған ұқсас деңгей датчигі талап етіледі.

Асып төгілу функциясын таңдау барысында оны CU 362 модулінің DI3 сандық кіруіне қосу керек. Сандық кіру қоректі сөндіру жағдайының өзінде асып төгілуін анықтауды жалғастыруды қамтамасыз ететін резервті батареядан қоректенеді.

Жиынтықты қондырғыларда DI3-ке жалғанған басқа ауыстырып қосқыштарды басқа қолжетімді сандық кірулерге қосу керек.

Белсендірудің кешігуі - нақты асып төгілу туындағанға дейін өтуі керек болатын уақыт бөлігі. Бұл уақыт бөлігін 0-9999 секундқа (2,77 сағат) дейінгі аралықта беруге болады.


Қайталама белсендірудің кешігуі - нақты құйылуының жоғалуынан жаңа нақты асып төгілу туындағанға дейін өтуі керек болатын уақыт бөлігі.

Егер жаңа нақты асып төгілу (> белсендірудің кешігуі) екінші белсендірудің кешігуінің тоқтатылуына дейін туындаса, онда бұл асып төгілу бірінші нақты асып төгілуге қосылатын болады.

Егер қайталама белсендіруінің кешігуі мерзімі өтіп кеткен болса және жаңа нақты асып төгілу орын алса (> белсендіру кешіктірілуі), онда асып төгілу жаңа нақты асып төгілу болып есептелетін болады. 75-сур. мысалда қайта жұмыс істеу кешіктірілуі 1 сағ 30 минутқа орнатылған.

Асып төгілуді анықтау он параметрге дейінгі бағалау негізінде болады. Қолданушы сұйықтық деңгейі мен шығынының мөнін есептеу және енгізу керек. Асып төгілуді бағалау үшін, бірнеше есептік нүктелерін енгізу барысында есептің сызықтық тәсілін қолданатын болады. 1-мысалды қар.

**Жолы:** Баптаулар > Кеңейтілген ф-ялар > Арнасынан асу >




Окно\_4.2.13

75-сур. Асып төгілуінің есептік нүктелері

Асып төгілу релесін белсендіру барысында ұқсас деңгей датчигімен өлшенетін нақты сұйықтық деңгейі «нөл» параметрі ретінде бапталады. Нөлдік параметр асып төгілу каналындағы сұйықтық деңгейін анықтау үшін қолданылады.

Канал деңгейі = нақты деңгей = нөлдік параметр.

Барлық сорғылар жұмыс істейді, деңгей арттырылады және 0 нүктесіне жету барысына нақты деңгей нөлдік параметр ретінде бапталады. Бұл деңгей 1-нүктеге дейін арттырылады. Каналдағы сұйықтық деңгейі есептік нүкте негізінде асып төгілу есебі арқылы анықталады.



TM05 3487 1412

76-сур. Асып төгілуді анықтауға арналған есептік нүктелері

#### 1-мысал

Қолданушы келесі мәндерді енгізді

1-есептік нүкте

- 1 см
- 1 м³/сағ.

2-есептік нүкте

- 10 см
- 10 м³/сағ.

Егер асып төгілу каналындағы өлшенген сұйықтық деңгейі 5 см-ге жететін болса, белгіленген асып төгілу 5 м³/сағ құрайды. Асып төгілу 15 см барысында 15 м³/сағ құрайды.

#### 2-мысал

Қолданушы келесі мәндерді енгізді

1-есептік нүкте

- 1 см
- 1 м³/сағ.

2-есептік нүкте

- 10 см
- 10 м³/сағ.

3-есептік нүкте

- 20 см
- 15 м³/сағ.

Егер асып төгілу каналындағы өлшенген сұйықтық деңгейі 5 см-ге жететін болса, белгіленген асып төгілу 5 м³/сағ құрайды. Асып төгілу 15 см барысында 12,5 м³/сағ құрайды.

Егер жүйе бес қалқымалы ажыратқыштарды қосатын болса, атаулы функциямен жұмыс мүмкін болмайды.

Егер жүйеде бес қалқымалы ажыратқыш орнатылып қойылған болса, онда жоғары деңгей ажыратқышын асып төгілу релесі ретінде пішімдеу керек.

### 9.3 Байланысын баптау

CU 362 SCADA жүйесінде немесе ұялы телефонда деректер берілісін жүзеге асыру үшін CIM модулімен (байланыс интерфейсінің модулі) жабдықталуы керек.

Қолда таңдалымы желі типіне байланысты болатын әр түрлі CIM модульдер бар. CIM модулі CU 362-де орнатылуы керек. CU 362 құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулығын қар.

CIM модулінің конфигурациясы бойынша ақпарат құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықта және модульмен бірге жеткізілетін CD-ROM функционалды профилінде ұсынылған.

#### 9.3.1 Байланыс модулін таңдау

Атаулы терзде қолданушы CU 362-де орнатылған байланыс модулін таңдауы керек.

Әрбір модуль бірнеше мәзір асты баптаулары менарнайы функциялары бар.

CU 362 келесі CIM модульдерін қолдайды:

- CIM 200 (RS-485 арқылы Modbus RTU)
- CIM 250 (GSM/GPRS арқылы Modbus немесе SMS)
  - GPRS арқылы Modbus TCP
  - GSM арқылы Modbus RTU
- CIM 270 GRM (Grundfos қашықтан қолжетімділік жүйесі)
- Басқа модуль (байланысының болашақ модульдері).

Нұсқау

**Қолданылатын байланыс модулінің типі CU 362 артқы қабырғасында көрсетілген.**

### CIM 200 (RS - 485 арқылы Modbus)

CIM 200 модулі CU 362 -ден/-ге және Modbus локальді желісінің деректер берілісі үшін қолданылады. 78-сур. қар.


Қолданушының функционалды профилін және «Dedicated Controls үшін Grundfos CIM 200, Modbus RTU» нұсқаулығын пайдаланыңыз.



78-сур. Мысал, CIM 200

TM04 3221 3908

Жолы: Баптаулар > Байланысты баптау >



Окно\_4\_3

77-сур. Байланысты баптау

### CIM 250 (GSM/GPRS арқылы Modbus және SMS)

CIM 250 модулі CU 362 -ден/-ге және Modbus локальді желісінің деректер берілісі үшін қолданылады. 79-сур. қар.

Егер жүйеде CIM 250 модулі орнатылған болса, ол ұялы телефонымен және SCADA жүйесімен деректер айынбасына дайын болар алдында кейбір баптауларды орындау керек.

CIM 250 SMS-хабарламаларды GPRS/GSM арқылы жөнелту/қабылдар алдында келесілерді орындау керек:


**Нұсқау** *SMS хабарламасын берер алдында кейбір параметр жүйесін баптау керек.*

Мәзір асты	Тарауды қар
SMS-ке арналған нөмір	9.3.4 SMS нөмірі.
SMS жөнелту кестесі	9.3.5 SMS сызбасы.
«Мен тірімін» SMS-хабарламасы	9.3.6 Бақылау SMS-хабарламасы.
SMS-хабарлама аутентификациясы	9.3.7 SMS-хабарламасының аутентификациясы.
GSM және SIM-картасын баптау	9.3.8 GSM және SIM-картасының баптаулары.
SCADA баптаулары	9.3.9 SCADA жүйесінің баптаулары.
Блоктауды баптау	9.3.10 Блоктау функциясының баптаулары.
GPRS баптаулары	9.3.11 GPRS баптаулары.

CIM 250 бір немесе бірнеше ұялы телефондарға/-дан SMS-хабарлама жөнелтуі/қабылдауы мүмкін. 9.3.4 SMS нөмірі тарауын қар.

CIM 250 сонымен қатар SCADA қашықтық жүйесіне деректер бағыттай алады. 9.3.9 SCADA жүйесінің баптаулары тарауын қар.

Қолданушының функционалды профилін және CD-ге модульмен бірген жеткізілетін «Dedicated Controls үшін Grundfos CIM 250, GSM» нұсқаулығын пайдаланыңыз.




79-сур. Мысал, CIM 250

### CIM 270 GRM (Grundfos Remote Management)

CIM 270 GRM Grundfos компаниясының қашықтықтан қол жеткізу жүйесімен (Remote Management) ибайланысы үшін қолданылады.

Егер жүйеде CIM 270 модулі орнатылған болса, ол Grundfos Remote Management жүйесімен деректер айырбасына дайын болар алдында кейбір баптауларды орындау керек.

Мәзір асты	Тарауды қар
SMS-ке арналған нөмір	9.3.4 SMS нөмірі.
SMS жөнелту кестесі	9.3.5 SMS сызбасы.
«Мен тірімін» SMS-хабарламасы	9.3.6 Бақылау SMS-хабарламасы.
SMS-хабарлама аутентификациясы	9.3.7 SMS-хабарламасының аутентификациясы.
GSM және SIM-картасын баптау	9.3.8 GSM және SIM-картасының баптаулары.
SCADA баптаулары	9.3.9 SCADA жүйесінің баптаулары.
Блоктауды баптау	9.3.10 Блоктау функциясының баптаулары.
GPRS баптаулары	9.3.11 GPRS баптаулары.




80-сур. Мысал, CIM 270

### 9.3.2 Ethernet

CU 362 Web-сервері компьютер мен Ethernet (Ethernet кросс-кабелі) қосылымы арқылы CU 362 байланысын орнатуға мүмкіндігі бар. Қолданушылық интерфейсін CU 362-ден компьютерге CU 362 және ізінше Dedicated Controls жүйесін қашықтан бақылауға және реттеуге болатындай етіп экспорттауға болады.

CU 362 блогы Ethernet локальді желісі арқылы немесе Internet арқылы тікелей компьютермен байланысады. 81 және 82-сур. қар.



81-сур. Ethernet арқылы қосу мысалы



81-сур. Интернет-қосылым мысалы

#### Ethernet конфигурациясы

Ethernet локальді желісін бапталымы екі тәсілімен орындалады:

- Хосттың конфигурациясын динамикалық таңдау хаттамасының көмегімен автоматты түрде (DHCP).
- Қолмен.

#### DHCP конфигурациясы

Атаулы терезеде «Хост атауын» енгізу керек.

Хост атауы Интернет-қосылымын орнату барысында қолданылады. Web-браузер мекен-жайы жолында хост атын енгізіңіз.

Интернет-қосылымын орнату үшін, DHCP хаттамасын белсендірген жөн. Браузер CU 362-мен жалғанады. Қолданушы DHCP хаттамасының автоматты жұмыс режимін таңдай алады немесе IP-мекен-жайын береді.

#### Мысал

«Хост аты» «CU362-ге» орнатылған, DHCP белсендірілмеген.

IP-мекен-жай: 192.168.0.2, желі асты маскасы: 255.255.255.0, стандартты шлюз 192.255.0.1-ге бапталған.

MAC мекен-жайы: 00 14 44 12 34 56.


CU 362-мен VNC-қосылымы үшін құпия сөз қажет.

Құпия сөз түсірілімін орындауға болады.

Нұсқау

**Зауыттық орындалымының қолданушы аты мен «admin» құпия сөзі бар.**

Жолы: Баптаулар > Байланысты баптау>



83-сур. Ethernet

Нұсқау

**Grundfos компаниясы CU 362 қауіпсіз қосылымын қамтамасыз ету үшін жүйелік әкімшіге хабарласуды ұсынады.**

Web-серверін қолдану үшін, CU 362 IP-мекен-жайын білу керек. Желідегі барлық құрылғылардың өзара деректер айырбасына арналған бірегей IP-мекен-жайы болғаны дұрыс. Зауыттық CU 362 IP-мекен-жай: 192.168.0.2.

Зауытта орнатылған IP-мекен-жайының баламасы ретінде IP-мекен-жайының динамикалық берілісін қолдануға болады. Мұны DHCP (Dynamic Host Configuration Protocol) тікелей CU 362 немесе web-сервер арқылы белсендіруін жасауға болады. 9.3.2 Ethernet тарауын қар.

CU 362 IP-мекен-жайын желіге динамикалық беру үшін, DHCP-сервер қажет. Электронды құрылғының IP-мекен-жайының нөмірін DHCP-сервер тағайындайды екі құрылғы да сол бір IP-мекен-жайын алмауын қадағалайды.

CU 362 web-сервермен қосылымы үшін стандартты Internet web-браузері қолданылады.

Егер қолданушыға зауыттық IP-мекен-жайын қолдану қажет болса, атаулы терезеде ешқандай өзгерістер талап етілмейді.

Internet web-браузерін ашыңыз және CU 362 IP-мекен-жайын беріңіз. 9.3.2 Ethernet тарауын қар.

Кейін web-браузерін ашыңыз және IP-мекен-жайының орнына CU 362 «Хост атауын» енгізіңіз. Internet web-браузері CU 362-мен байланыс орнатуға тырысады. Терезеде хост атауы көрінеді алайда оны тек PC tool бағдарламасы көмегімен немесе web-браузер арқылы ғана өзгертуге болады.


Желі баптауларының өзгерісін қараңыз.

Нұсқау

**DHCP қолданылымы үшін хост атауы талап етіледі.**

Окно\_4.3.1

Бұл бірінші мәзір терезесі CU 362-мен байланыс орнатылған уақытта көрінеді.



TM03 2048 3505


84-сур. CU 362-ға қосу

**Зауыттық баптаулар**

Қолданушы аты: admin

Құпия сөзі: admin


CU 362-ге қолданушы аты мен құпия сөз енгізілгеннен кейін, Java Runtime Environment бағдарламалық қосымшасы сәйкес компьютерге жалғанған жағдайда ғана іске қосылады. Егер бағдарлама орнатылмаса, алайда компьютер Internet-ке жалғанған болса, Java Runtime Environment қосымшасын жүктеу және орнату үшін, экрандағы сілтемені қолданыңыз.



TM03 2049 3505

85-сур. JavaScript® қосымшасына сілтемесі бар терезе

Java Runtime Environment қосымшасы CU 362 (дисплей және панельдер функциясын қоса алғанда) қолданушы интерфейсін компьютер дисплейіне беру үшін қолданылады. Енді ДҚ-ден CU 362-ні басқаруға болады.




TM03 2047 3505

86-сур. Баптаулар желісі

**Желі баптауларының өзгерісі**

Желі бапталымын CU 362 web-серверімен байланысын орнатқаннан кейін өзгертуге болады.




TM03 2050 3505

87-сур. Баптаулар желісін өзгерту

1. «Network admin» иконкасын басыңыз (желіні өкімшілендіру).
2. Өзгерісін енгізіңіз.
3. Өзгерісті қабылдау үшін, [submit] басыңыз.

**Құпия сөзді өзгерту**



TM03 2051 3505

88-сур. Баптауларды өзгеру

1. «Change password» (құпия сөзді өзгерту) басыңыз.
2. Жаңа құпия сөзді енгізіңіз.
3. Жаңа құпия сөзді белсендіру үшін, [Submit] басыңыз.



### 9.3.3 Fieldbus мекен-жайы

GENIbus модулін орната отырып, CU 362 мен сыртқы желі арасындағы байланысын қамтамасыз етуге болады. GENIbus негізіндегі немесе желі аралық шлюз арқылы басқа хаттама негізінде желінің көмегімен қосу мүмкін болады. 81-сур. қар.

Қосымша ақпаратты Grundfos компаниясынан алуға болады.

CU 362 RS-485 интерфейсі арқылы сыртқы құрылғылармен байланысуы мүмкін (опция).

RS-485 интерфейсі CU 362-да орнатылатын кеңейтілім модулі болып табылады. Бұдан да анығылақ ақпараттар CU 362 құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықта келтірілген.

Байланыс GENIbus Grundfos хаттамасына сәйкес жүзеге асырылады және ғимараттың инженерлік жүйесіне немесе басқа сыртқы басқару жүйесіне қосылымын қамтасыз етеді.

Жұмыс параметрлерін байланыс шинасы арқылы баптауға болады. Бұдан өзге CU 362-ден маңызды параметрлер мен ақаулықтар индикациясының күйлерін есептеп шығаруға болады.

Анығырақ ақпараттар алу үшін, Grundfos компаниясына жүгінізіз.

CU 362 дисплейі арқылы әр модульге GENIbus нөмірін беруге болады.


#### Мысал

Нұсқау

**GENIbus нөмірін баптау үшін, тек бір модуль ғана жалғанғандығына көз жеткізіңіз.**

1. «GENIbus number» жолына жаңа нөмір енгізіңіз (GENIbus нөмірі).
2. Нөмір берілісіне [ok] басыңыз.
3. Қажеттілігіне қарай, басқа модульдерге нөмірлер беру үшін, бапталған модальді ағытыңыз және келесіні жалғаңыз.

**Жолы:** Баптаулар > Байланысты баптау > Fieldbus мекен-жайы >



Окно\_4.3.2

89-сур. Fieldbus мекен-жайлары

### 9.3.4 SMS нөмірлері

Атаулы терезеде авария туралы хабарлама жүргізу үшін және SCADA үшін телефон нөмірлерін енгізіледі.

Авария туралы SMS жөнелту үшін, үш нөмір мен SCADA жүйесіне арналған бір нөмір енгізу керек.

#### SMS-ке арналған нөмірлер

SMS жөнелтіліміне арналған нөмірлер SMS-хабарламымен белсендірілетін ескертпелер мен авариялық сигналдарын жөнелту сызбаларымен қолданылады.

Атаулы нөмірлер сонымен қатар SMS жарамдылығын тексеру үшін SMS жөнелтіліміне қолданылады.

#### 9.3.7 SMS-хабарламасының аутентификациясы тарауын қар

#### SCADA нөмірі

Егер белсендірілген SCADA CU 362-де кері шақырылымымен ескертпелер немесе авариялық сигналдары бар болса, SCADA кері шақырылымы үшін SCADA нөмірі қолданылады.

#### Мекен-жайға авария туралы SMS жөнелту

Авариялық жағдай тарулы SMS-ті үш тәсілдің бірі арқылы жөнелтуге болады:

- Тек бірінші нөмірге ғана
- Бірінші және екінші нөмірлер
- Біріншіге, кейін егер растау болмаса, № екіншіге.

#### Алу мерзімін растау

Көрсетілген мерзім - екінші нөмірге SMS жөнелткенге дейін авариялық жағдай туралы SMS алуын растау үшін, қолданушыға бірінші нөмір берілетіні кезең.

#### Мысал

Авария туралы SMS жөнелту үшін және SCADA жүйесі үшін қажетті телефон нөмірлерін енгізіңіз.

Белгілерді енгізу (+) және (-) көмегімен жүзеге асырылады. Келесі белгіге өту (↻) және (✓) көмегімен жүзеге асырылады. Нөмірді сақтау үшін, [ok] басыңыз.

#### SMS арналған нөмір

- № 1 +4512345678
- № 2 +4511223344
- № 3 +4599988877.


#### SCADA нөмірі

- +4512345678.

#### Алу мерзімін растау

Авария туралы SMS-хабарламаның мерзімі өткен уақыттағы кезеңде екінші нөмірге жөнелтілуі 10 минутты құрайды.

**Жолы:** Баптаулар > Байланысты баптау>SMS-ке арналған нөмір >



Окно\_4.3.3

90-сур. SMS арналған нөмір

### 9.3.5 SMS сызба

Атаулы терезеде SMS жөнелтілімінің графигі бапталады, яғни авариялық жағдайлар туралы SMS жөнелтілімі үшін телефон нөмірі мен хабарлама жөнелтілімінің уақыты көрсетіледі.

#### Апта күндерін таңдау

Күндерді таңдағаннан кейін үш күндігі кезеңді беруге болады:

- Жұмыс уақыты
- Бос уақыт.
- Ұйқы.

Таңдалып алынған күннің баптаулары барлық үш кезеңіне қолданылады. Сызбада сонымен қатар ауысым параметрлерін беруге болады. Сызба кезеңдерінің мысалы түнгі уақыттар сервистік бөлімінің бастығына елеусіз іркілістер туралы SMS-хабарламасының жөнелтілімін болдырмауының тәжірибелік мәндері бар. Сервистік бөлім бастығы жұмысқа келген уақытта SMS-хабарламаны алатын болады.

#### SMS жөнелту сызбасын қарау

Атаулы функция SMS сызбасының сызбалық кескінін шақыру үшін қызмет етеді.

Сызбалық бейненің бірін таңдаңыз:

- Жұм. уақыты/Бос уақыт/ұйқы
- Бастапқы алуш.
- Қайталама алуш.

#### Мысал

Апта күндерін, қажет болатын баптаулар немесе талап етілген сызбалық бейнелер параметрлерін таңдап алыңыз.


#### Апта күндерін таңдау

- Дүйс.
- Сейс.
- Сәрс.
- Бейс.
- Жұм.
- Сенбі
- Жекс.

#### SMS жөнелтілімінің сызбалық шолуы

- Жұм. уақыты/Бос уақыт/ұйқы
- Бастапқы алуш.
- Қайталама алуш.

**Жолы:** Баптаулар > Байланысты баптау > SMS жөнелту сызбасы >



Окно\_4.3.4

91-сур. SMS жөнелту графигі

#### Апта күндерін таңдау

Атаулы терезеде аптаның таңдалып алынған параметрлері бапталады.

Елеусіз және күрделі іркілістер туралы авариялық сигналдар жеке берілуі мүмкін, мысалы түнгі сағаттарда.

Үш кезең есебінің күндерін енгізіңіз:

- Жұмыс уақыты
- Бос уақыт.
- Ұйқы.

Кезеңді белсендіру үшін, алаңға белгі қойыңыз және кезең есебінің нүктесін енгізіңіз.

#### Ауысым

Ауысым уақытын енгізіңіз. Тәуліктегі үш түрлі ауысымның тәуліктегі уақытын орнатуға болады. Әрбір ауысым бірінші ретінде, сонымен қатар екінші телефон нөмірімен берілуі мүмкін.

#### Мысал


Терезеде сервистік бөлім бастығының сәрсенбіде 08:00 басталатын және 16:00-де аяқталатын, ал 22:00-де ұйқыға жататын жұмыс күні көрсетілген.

Терезеде ауысым сәрсенбі күні таңғы 08:00-де ауысым болатындығы көрсетілген.

16:00-де ауысым жоқ. Осылайша SMS-алушылар өзгермеген.

22:00-де ауысым сәйкесінше хабарлама алушылар да өзгерісі орын алады.

**Жолы:** Баптаулар > Байланысты баптау > SMS жөнелту сызбасы > Сәрсенбі >



92-сур. Сәрсенбі


Окно\_4.3.4.3



**SMS жөнелтімі сызбасының графикалық бейнесі**

Атаулы терезеде апта күндері сызбалы түрде көрсетілген.

**Жолы:** Баптаулар > Байланысты баптау >  
SMS жөнелту сызбасы > Жұмыс уақыты/Бос уақыт/Ұйқы >




Окно\_4.3.4.8

**93-сур.** Жұм. уақ/Бос уақыт/Ұйқы**Бастапқы алушылардың графикалық бейнесі**

Атаулы терезеде апта күндері және барлық апта ішінде тағайындалған хабарламаны тағайындалған бастапқы алушылар графикалық түрде бейнеленген.

**Жолы:** Баптаулар > Байланысты баптау >  
SMS жөнелту сызбасы > Бастапқы алушылар >




Окно\_4.3.4.9

**94-сур.** Бастапқы алушылар**Қайталама алушылардың графикалық бейнесі**

Атаулы терезеде апта күндері және барлық апта ішінде тағайындалған хабарламаны тағайындалған қайта алушылар графикалық түрде бейнеленген.

**Жолы:** Баптаулар > Байланысты баптау >  
SMS жөнелту сызбасы > Кейінгі алушылар >



Окно\_4.3.4.10

**95-сур.** Қайталап алушылар

### 9.3.6 Бақылау SMS-хабарламасы

Атаулы терезеде бақылау хабарламаларын жіберетін функциясын орнатуға болады.

«Мен тірімін» атты бақылау хабарламасы қолданушыға CU 362 хабарламаларды жібере алатынын айқындайды.

Қолданушы бақылау хабарламасын жіберу үшін бір немесе бірнеше күнді таңдай алады. Бақылау хабарламасының шығыс қоңырау уақытын енгізіңіз.

#### Мысал

Бақылау хабарламасын жіберу үшін бір немесе бірнеше күнді және шығыс қоңырау уақытын таңдаңыз.


SMS-хабарламалар таңдалған күндері жіберіледі.

- Дүйсенбі
- Сейсенбі
- Сәрсенбі
- Бейсенбі
- Жұма
- Сенбі
- Жексенбі

#### Шығыс қоңырау уақыты

Бақылау хабарламасы сағат 12:30 жіберілді.

**Жолы:** Баптаулар > Байланысты баптау > «Мен тірімін» SMS-хабарламасы >



Окно\_4.3.5

96-сур. «Мен тірімін» SMS-хабарламасы

### 9.3.7 SMS-хабарламасының аутентификациясы

Атаулы терезеде SMS-хабарламаның басқару жүйесінде басқа тұлғалар жөнелте алмауы үшін, кіру хабарламасының аутентификациясын орнатуға болады.

Аутентификацияның үш тәсілі:

- Телефон нөмірі бойынша
- PIN-коды бойынша
- Екеуімен (телефон нөмірі бойынша және PIN-коды бойынша).

#### Телефон нөмірі

SMS-хабарлама белгілі бір телефон нөмірлерімен оларды жөнелткенде ғана қабылданады.

#### PIN-коды

Дұрыс PIN-кодтан басталатын SMS-хабарламалар ғана қабылданады.

Келесі SMS-хабарламалар қабылданады:

- ACK  
Авариялы жағдайдың екінші нөмірге берілмеуі үшін, SMS-ті растау.
- ALARMRESET немесе RESETALARM  
Авариялық сигналдар түсірілімі. CU 362 басқару панелі арқылы ұқсас түсірілімі.
- GETALARMRS  
Әрбір авариялық сигнал бойынша авариялық жағдай туралы SMS жөнелтілімі.
- STATUS немесе 1-STATUS  
Жүйе күйі туралы жауапты хабарлама.
- AUTO  
Блоктау режимінен автоматты жұмыс режиміне ауыстырылу.
- INTERLOCK  
Блоктау режиміне ауыстырылу, яғни тоқтату әдісі.
- FORCERELAY  
Белгілі бір қолданушымен релені басқару.
- RELEASERELAY  
Белгілі бір қолданушымен релені ажырату.
